

ТІРЕГІМІЗ-ТӘУЕЛСІЗДІК, ТІЛЕГІМІЗ-ТҰРАҚТЫЛЫҚ, КҮШІМІЗ-БІРЛІК!



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 45 (8432) Сенбі 30 сәуір 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТІҢ 1 МАМЫР-ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Біз ертең ізгілік пен бейбітшілікті, халықтың бірлігін, мәдениеттердің саналғандығын және өзара ұштаса білуінің пашетін мерекесі – Қазақстан халықтарының бірлігі күнін атап өтеміз. Барлығыңызды осы жарқын күнмен шын жүректен құттықтаймын!

Көне тарихтың сан қатпарының қайсыбірін ақтарып, қатқабат беттерінің қайсысын парақтасақ та, халқымыздың асыл армандарының көш басында ең алдымен ынтымақ пен бірлік, татулық пен тыныштық тұрғанын аңғарамыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында: «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет», – деген болатын. Бәріміздің де арман-аңсарымыз – берекелі-баянды, тату-тәтті өмір сүру, жақын туыстарымыздың, ел-жұрттың аман болуы, жас өскіннің бақытты да бейбіт күлкісінің бұзылмауы. Осынау мақсат-мүдделердің ойдағыдай жүзеге асуы ең алдымен әбіріміздің қажырлы да қайратты еңбегімізге, өзара түсіністік пен ынтымаққа, еліміздегі ішкі саяси тұрақтылыққа, ұлтаралық және ұлт-шіндегі парасаттылыққа тікелей байланысты.

Бірлік, достық, татулық, ынтымақ – еліміздегі саяси-экономикалық тұрақтылықтың басты әрі негізгі кепілі. Бағындырған белестеріміз бен жеткен жетістіктеріміз ұлтаралық татулық пен ауызбірліктің, шынайы түсіністіктің, ең бастысы – Елбасымыз жүргізіп отырған сарабал саясаттың жемісі.

ҚАДІРЛІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді татулық пен бірліктің, ізгіліктің нұры шашылған Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық пен бақыт, береке тілеймін.

ҚҰРМЕТТІ ПАРТИЯЛАСТАР!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі мол. Осындағы барлық ұлттардың татулық пен келісімде өмір сүруінің арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етудеміз.

Еліміздің өркендеуімен бірге аудан экономикасы да ілгерілеу үстінде. Бейбітшілік пен татулықтың арқасында бізді болашақта бұдан да жарқын, баянды күндер күтіп тұрғанына сеніміміз мол.

Айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін.

Құрметпен
«Нұр Отан» партиясы
Байзақ аудандық
филиалының Саяси кеңесі.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

1 мамыр мерекесі – біз үшін ортақ Отанымызда тұратын халықтардың татулығы мен өзара достығының символы. Оның идеялары, яғни барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне құрмет көрсету үлгілері еліміздің көпұлтты халқына етене жақын.

Қазақстанның көп ұлтты халықтары мен этностары арасындағы бірлік пен ынтымақтастық нығая берсін! Қазақстанның көп ұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің ең басты байлығы. Оны көздің қарашығындай сақтауға тырысайық.

Ардагерлер атынан аудан тұрғындарын мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, береке-бірлігіміз арта берсін, Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз – молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін демекпіз.

Байзақ аудандық
Ардагерлер кеңесі.

Акция «Большая страна – большая семья»

ЗАЛОГ БЛАГОПОЛУЧИЯ

Н.Шин,
председатель ОО «Центр
культуры «Единство».

Год 25-летия Независимости Казахстана для ОО «Центр культуры народов «Единство» начался плодотворно. Объединение принимает активное участие в общественно политической и культурной жизни района.

Старт года был открыт на корейском новогоднем празднике Сольлаль с участием всех ЭКО района в школе-гимназии имени Г.Муратбаева.

Также ОО «Единство» приняло активное участие в проведении нового доброго праздника - день Благодарения, который отмечается с днём рождения АНК и партии «Нур Отан». Этот светлый праздник был организован и проведён в казахской средней школе имени Ю. Гагарина с учащимися старших и младших классов. Праздничная программа способствовала сближению и единению нашего полиэтнического народа, ведь в Казахстане живут более 130 народов и народностей, которые

строят успешное государство в мире и согласии. В школе-гимназии имени Г.Муратбаева в честь праздника был проведён задорный флешмоб с учащимися младших классов, а в конференц-зале молодёжным центром ОО «Единство» для старшеклассников был организован «круглый стол» с лидерами ЭКО

для активных женщин: матерей и бабушек. Гостями мероприятия были члены ОО «Единство» М.Раджамов и Ш.Байтакова.

10 марта в казахской средней школе имени Н. Кикбаева в большой семье проведена весёлая Масленица. Очень приятно было видеть удивительно бережное отношение казахских детей

к традициям русского народа.

Молодёжный центр корейского ЭКО принимал активное участие в областных конкурсах народной песни и танца.

В замечательной атмосфере прошёл и праздник Наурыз. Он был примечательным общим столом Дружбы

народов, на который были приглашены все этнокультурные объединения района.

Все эти мероприятия прошли в свете республиканской акции «Большая страна – Большая семья» и отмечены преемственностью поколений. Сохранить и передать детям большое историческое и культурное наследие большой семьи казахстанцев - является залогом благополучия нашего общего дома.



Қазақстандық жердің бірде-бір миллиметрі шетелдіктерге сатылмайды



ЖЕР МӘСЕЛЕСІ - ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢ ТАЛҚЫЛАНЫП ЖАТҚАН ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖЕР КОДЕКСІНІҢ ЖЕРДІ САТУ МЕН ЖАЛҒА БЕРУДІ РЕТТЕЙТІН НОРМАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАЗБАЛАР МЕН ШІКІРЛЕР КӨП. БҮГІНДЕ FACEBOOK ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ШІКІРТАЛАСТАРДЫ КОНСТРУКТИВТІ СИПАТҚА ИЕ ДЕУГЕ КЕЛМЕЙДІ. БҮЛ КӨБІНДЕ НОРМАҒА

ЖАТПАЙТЫН ЛЕКСИКАНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ЕРЕГІСУГЕ ҰКСАЙТЫНДАЙ. ЕНДІ МҰНЫҢ БАРЛЫҒЫНА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗЕДІ. БҮЛ ЖАЙЫНДА ОЛАРДЫҢ НЕ ОЙЛАЙТЫНЫН TENGRIKNEWS.KZ ТІЛШІСІНЕ ОСЫ ВЕДОМСТВО БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЙЫРБЕК ӨСКЕНБАЕВ АЙТЫП БЕРДІ.

- Әлеуметтік желілерде, өмірлердегі шерулерде жерді сату мен жалға беруді қарастыратын заңнамалық нормаларды талқылап жатқандар туралы сіздің министрліктегілер және Сіз қалай ойлайсыздар?

- Түсіністікпен қараймыз. Адамдар уайымдап жатыр, құқықтық сауатының аздығынан болар, бұл мәселеде толық мәлімет жоқ, сондықтан заңымыздың нормаларын соңына дейін түсінбеген шығар. Әлде олар шын мәнінде солай болып жатыр деген қауесетке сенеді. Адамдар сұрақ қоя бастайды, яғни уайымдайды. Біз заңның нормаларын түсіндіргіміз келеді, шетелдік жеке тұлғаға немесе шетелдік компанияларға жер сату туралы форма жоқ және ешқашан болмайды. (Жалғасы 2-бетте).

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 71 ЖЫЛ!



МЫ ПОМНИМ ваш подвиг

Всё дальше уходят в прошлое годы войны, и всё меньше среди нас остаётся живых свидетелей тех лет – ветеранов войны. Осмысливая, мы понимаем, что не будь той Победы, не было бы свободы, мира, счастья на земле.

Под знаком памяти и благодарности проходят в эти предпраздничные дни мероприятия, организованные руководством района.

Группа, во главе с заместителем акима района С.Кенжебаевым, в состав которой вошли депутаты районного маслихата, представители Совета ветеранов района, здравоохранения,



накануне праздника посетила семьи каждого из восьми ветеранов войны.

Первым они посетили жителя села Ульгули, ветерана войны Базарбая Калдыбаева, кавалера орденов Красной Звезды и Великой Отечественной войны I степени, медалями «За Отвагу», «За взятие Кенигсберга».

Он ушёл на фронт в 17 лет. Это был 1943 год. Б.Калдыбаев участвовал в боях за освобождение Украины, Белоруссии, Польши, Германии. День Победы он

встретил в немецком городе Донгейлау. Вернулся домой только в 1950 году. Был дважды ранен.

В этот день делегация встретила со всеми бывшими фронтовиками. Персональные поздравления от акима района М.Шукеева, члена Совета ветеранов района Р.Шаметова, депутата районного маслихата А.Тастанова, а также памятные подарки получили ветераны войны Иван Дужинский, Усен Тогаев и Сауытбек Рысбаев. Девяностолетние ветераны в своих мундирах, увешанных орденами и медалями, смотрелись довольно молодцевато. Несмотря на почтенный возраст, они сохранили в своей памяти многие моменты своего боевого прошлого.

За вкусным угощением в непринуждённой обстановке, под звуки домбры, ветераны делились своими воспоминаниями давно минувших дней своей молодости.

Поздравляя ветеранов с наступающим праздником, С.Кенжебаев сказал: «Мы восхищаемся вашей отвагой и мужеством. Чтим, уважаем, славим поколение победителей и помним, какой ценой была достигнута Великая Победа. Здоровья Вам и долгих лет жизни!».

Наш корр.



АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ



ТАРИХ – САН ҚИЛЫ СЫНАҚ ПЕН КЕМЕЛ КЕЗЕҢГЕ ТОЛЫ ҰЛЫ КӨШ. УАҚЫТТЫҢ ОСЫ ШЕРУІНДЕГІ ХАЛҚЫМЫЗ ТАЛАЙ ҚИЫНДЫҚТЫ БАСТАН КЕШТІ. ӘСІРЕСЕ XX ҒАСЫРДЫҢ СҰРАПЫЛ ҚЫРҒЫНЫ 1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА БАЙЗАҚТЫҚТАР ДА ЕРЛІКТІҢ ЕРЕН ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ. ХАЛҚЫНЫҢ БОСТАНЫДЫҒЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ, БОЛАШАҚ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ БАҚЫТЫ ҮШІН МАЙДАН ДАЛАСЫНДА АЯНБАЙ КҮРЕСКЕН, ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ БАҒА ЖЕТПЕС ҮЛЕС ҚОСҚАН, ОТАНДЫ СҮЮДІҢ, ОНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ.

Бейсенбі, 29 сәуір күні аудандық мәслихат депутаттарының, іскер әйелдер қауымдастығы мен аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы, демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінің демеушілігімен Суханбаев, Түймекент, Жалғызтөбе ауылдық округінде тұратын соғыс және еңбек ардагерлері; жақаштық Өнербай Молдабаев, түймекенттік Мәдібек Мақұлбеков, Бахы Рустанбеков, жетібайлық Рахымжан Мамыралиевтің және соғыс ардагерінің жесірі Р.Шомаеваның жанұясында болған аудан әкімі аппаратының бас инспекторы С.Иманова, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Беспәев, іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Т.Кадимова, мәслихат депутаттары С.Алтаева, А.Большебеков, С.Молдабековтер ардақты қарияларды Жеңіс мерекесімен құттықтап, сыйлықтарын табыстады.



Отанға деген сүйіспеншілікті жастардың бойына сіңіру, тамаша жауынгерлік дәстүрлерімізді болашақ ұрпаққа жеткізу – бүгінгі ұрпақтың азаматтық борышы екендігін, Жеңіс күнін жақындатудағы тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегі ерекше болғандығын, Елбасының ұстанып отырған саясатының арқасында еліміз әлемге танылғандығын, бірлік пен татулықты сақтаудың мәнін айтып, қазіргі тоқшылықтың, бақытты заманның қадірін білудің маңызын сөз ете келе, өздерін құрметтеп келгендерге алғыстарын айтып, ақ баталарын берді.

Өз тілшіміз.

Мәслихаттың тұрақты комиссия отырысында

Маңызды мәселе қаралды

27 сәуір күні «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының ғимаратында алтыншы сайланған Байзақ аудандық мәслихатының «Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау» жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Оны аталмыш комиссияның төрағасы А.Жамишжанов жүргізіп отырды. Күн тәртібінде «Ауданның 2015 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы» мәселе қаралды.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 132 бабы, 2 тармағының талаптарына сәйкес, күн тәртібіндегі мәселе бойынша төрт баяндама тыңдалды. Атап айтқанда, аудан әкімдігі қаржы бөлімінің басшысы Ж.Құмғанбаевтың, Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ж.Жапаровтың «Ауданның 2015 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы» баяндамалары тыңдалған соң, аудандық мәслихаттың «Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау» жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А.Жамишжановтың аудан бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытынды жасаған баяндамасын тыңдады.

Содан соң төртінші болып, аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысының міндетін атқарушысы Ғ.Абаханов ауданды дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы баяндады. Баяндамашылар аудан бюджетін жоспарлау барысында жіберілген олқылықтарды келешекте болдырмау үшін жан-жақты саралап, жұмыс жасау жағына тоқталды.

Баяндамалар тыңдалып біткен соң жарысөзге аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ә.Саққұлова, Бәйтерек ауылдық округінің әкімі М.Қылыбаев шықты.

Сонымен бірге, тұрақты комиссияның отырысында Байзақ ауданы бойынша кірістер басқармасының басшысы А.Асқарова, мәслихат депутаты Р.Сарсеновтер өздерінің ойларын ортаға салды.

Күн тәртібіндегі талқыландыған мәселе бойынша тиісті қаулы қабылданды.

Өз тілшіміз.

Қазақстанда жердің бірде-бір миллиметрі шетелдіктерге сатылмайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

- Сіз қалай ойлайсыз, жерді жалға беру мен сату туралы дау неліктен қазір шығып отыр?

- Жер құқығын реттеу тарихын айтар болсақ, бұл нормалар 90-шы жылдардан бері бар. 1990 жылы бізде жер туралы бірінші заң қабылданды. Кейіннен оған өзгерістер енгізілді және сол кезде түрлі нұсқалары болды: үш жылдан он жылға дейін жалға беру, оның ішінде, шетелдіктерге; сосын 99 жылға дейін; одан кейін қазақстандықтарға 49 жыл, ал, шетелдіктерге 10 жыл деген шектеулер қойылды. 2003 жылы Жер кодексі қабылданып, онда жерді жалға беруге қатысты нормалар бекітілді. 2014 жылы жалға беру мерзімін 25 жылға дейін ұзартуды көздеген өзгерістер болды. Осы жер құқықтарын реттейтін Жер кодексі 13 жыл бұрын қабылданған, осы уақыт бойы ешқандай сұрақ болған жоқ. Бұл сұрақтар неліктен қазір ғана шығып отырғанын, шынымды айтсам, менің өзім түсінбеймін.

-Яғни, 25 жылға дейін ұзарту туралы норма бұрын шыққан ба?

- Бұл норманың енгізілгеніне бір жарым жыл болды. Бұл бөлігінде ешқандай өзгеріс енгізген жоқпыз. Тіпті, басқа мәселелер бойынша өзгерістер болды, олар жерді пайдаланушылардың әкімшілік шектеулерін азайтуға қатысты еді. Бірінші өзгеріс мынаған қатысты болды: егер жер бұрын конкурс немесе аукцион арқылы берілсе, мұнда таңдау құқығы әкімге болды, ол жерді қандай түрде сатуды өзі шешетін еді, сондықтан көптеген сұрақ пайда болды. Ал, енді тыйым салдық та "мұның барлығы ашық алаңда аукцион түрінде болсын да, мықтылар жеңіске жетсін" дедік. Аукцион формасы да бұрыннан бар, 2003 жылдан бері бұл шаралар Жер кодексінде қарастырылған.

Біздің енгізген екінші өзгерісіміз мынада - біз жерді пайдаланушыға аукционсыз-ақ сатып алуға құқық береміз. Мысалы, адам жерді 49 жылға жалға алады. Оның жерін ешкім тартып алмайды, жалға ала берсін, жалға алынған мерзім аяқталғанша сен ол жерді сатып ала аласың. Оның үстіне 50 пайыз көлемінде жеңілдік пен 10 жылға бөліп төлеу құқығы беріледі.

Үшінші өзгеріс - жалға алу құқығына шектеулерді алып тастауға қатысты. Бұрын былай болған: сіз жалға алу құқығын сатып алдыңыз, кейін көрші ауылға, қалаға көштіңіз немесе тіпті басқа іспен айналысуға шешім қабылдадыңыз. Онда сіз жерді әкімге қайтаруыңыз қажет болған, ол оны кімге

беретінін өзі шешетін. Енді біз былай деп отырмыз: Егер, сен осы құқықты сатып алсаң, осы құқықты өзің қолдан. Яғни, жалға алу құқығын сіз көршіңізге сата аласыз, ал, көршіңіз әкімдікке барады да, жерді сізден келісім-шарт арқылы сатып алғанын айтады. Яғни, біз жерді пайдаланушыларға жақсы жағдай жасап бердік.

-Байқаған болсаңыз, шетелдіктер, нақтырақ айтқанда "қытайлар келіп, жерді сатып алады, сөйтіп, бар нәрін сорып алады" деген пікірлер бар.

- Министрдің Ауыл шаруашылық министрлігі мақұлдаған бұйрығы бар, оны барлық жерден оқуға болады, жерді тиімді қолдану ережелері. Онда топырақтың жағдайы нақты көрсетілген, жер жалға берілген кезде мұның барлығы қатаң бақылауда болады. Мысал, жердің сапасы төмендесе, бұл - заң бұзушылық саналады және жер тартып алынады. Бұл Жер кодексінде жазылған, жерді тиімді пайдалану ережесін бұзу болған жағдайда мемлекет оны өз меншігіне тәркілей алады.

-Бұл сонда біздің нормаларымызға сәйкес келмейтін түрлі химикаттар мен тыңайтқыштар ма?

- Әсімдіктану туралы заң бар, оған сәйкес, Қазақстан территориясында заңдастырылған пестицидтерді, гербицидтерді, минералдық тыңайтқыштарды қолдануға ғана рұқсат етілген - бұл бір. Екіншіден - әкімдіктерілердің жер инспекциялары топырақтың сапа құрамын тексеріп, зертханалық зерттеулер жүргізеді. Топырақтың сапасы нашарласа, ескерту жасалады, жердің құнарлылығын өз деңгейінде сақтап тұру ескертіледі. Ал, егер келесі жылы өз деңгейіне жеткізбесең, бұл жерді тартып алу мәселесі қаралады. Бұл тек шетелдіктерге ғана қатысты емес, сонымен қатар барлығына да қатысты болмақ.

-Интернетте мынадай да пікірлер жүр: "Қытайлар келсе, біз оларды сосын қуып жібере алмай қаламыз. Біз сол қытайлардың құлына айналасымыз". Қалай ойлайсыз? Мұндай пікірлердің негізі бар ма? Маған мынаны айтыңызшы, олар қалай келеді?

-Олар жерді сатып ала алмайды. Олар тіпті жерді жалға алғанның өзінде жұмыс күшін ол жақтан әкеле алмайды ғой, себебі бізде жұмыс күшін үлестіру бойынша төрт нақты категория бар. Біріншісі және екіншісі - жоғары мамандандырылған инженерлер, менеджерлер, үшіншісі және төртіншісі - маманданған жұмыс күші. Әкімдік комиссиясы мұнда жұмыс күші қажет пе немесе өз ресурстары жеткілікті ме - осыны анықтайды. Сондықтан, шетелдіктерге жұмыс істеуге рұқсат берілсе де, ол тек бір жылға келеді.

Осыдан кейін шетел азаматтары елден кетуге мәжбүр болады. Уақытша жұмысшылар тек маусымдық жұмыстарға келеді.

Оның үстіне шетелдіктердің Қазақстан Республикасында баспана сатып алуға құқысы жоқ. Мұндай құқық осында әрдайым болатын, ықтиярхат алған шетелдіктерде ғана бар, солар ғана баспана иелене алады. Қалғандары уақытша болатындар деп есептеліп, баспанаға құқығы болмайды.

-Адамдар заңнаманың жерді сату мен жалға беру туралы нормаларына өзгеріс енгізуді сұрап отыр. Өзгерістер енгізіле ме әлде бұған қажеттілік жоқ деп есептейсіз бе?

- Айтылған алаңданушылық мәселелер Жер кодексінде толықтай қарастырылған. Қазір "сарапшылар" көп қой. "Заңды айналып өтуге болады, кейбір нормалар қарастырылмаған" дейді. Біз оларға "жасап көріңіздер, біздің заңымыз дұрыс жұмыс істей ме, жоқ па - көре жатармыз" дейміз. Заңды қандай да бір жолмен айналып өтуге болады деп есептесеңіздер - мүмкіндік жасап көріңіздер. Шетелдік бізден жер сатып алып көрсін, бұл оның қолынан келмейді, мұны сеніммен айта аламын.

-Өзіңіз Интернетте пікір оқисыз ба? Facebook-ті қолданасыз ба?

- Әрдайым қарап отырамыз, уақытымыз болғанда. Бірақ екіншіше қарай, уақытымыз аз. Бірақ қазір жиі қарап отыруға тура келеді.

-Әлеуметтік желілерде жер мәселесі бойынша уайымдап жүрген жұртқа не айтар едіңіз?

- Тағы да қайталап айтамын, уайымын білдіріп отырған азаматтарды түсінемін. Егер олар еліміз, жеріміз үшін уайымдамаса, ойларын айтпаса, олар өз болашағын, өткенін және бүгінін бұл елмен байланыстырмас та еді. Мәлімдеймін: қазақстандық жердің бірде-бір миллиметрі шетелдіктерге сатылмайды. Ал , егер шетелдік оны жалға алса, оны Қазақстан Республикасының заңында жазылған талаптарды орындау арқылы ғана қолдана алады. Бұған қатаң бақылау жүргізіледі. Сондықтан уайымдаманыңдар, айдап салушыларға ерменіздер. Президентімізге сеніңіздер, себебі біз оған ұзақ жылдар бойы сеніп келдік және ол елімізді әлемдегі көш бастайтын елдердің біріне айналдырды. Әрине, түсінеміз, біреулер елімізде тыныштықтың болғанын қаламайды, Тауа Шығыс елдеріндегідей дүрбелең, бүліншілік, өзара тартыс болып жатқанын қалайды. Біреулер осыны ансайтын сияқты. Бұған жол бермейміз. Біз - бірлігі мол халықпыз, біз - біртұтас елміз. Жеріміз біздің еліміздің байлығы, барлығымыз үшін жалғыз жер. Азаматтарымыз қалай уайымдап жатса, мен де, үкімет те, ең бастысы Президент те дәл солай уайымдайды.

ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ
МІНБЕРІСОТ ОРЫНДАУШЫСЫ
ЖАЗАЛАНДЫ

Ж.Койкенова,
Байзақ ауданы прокуратурасының прокуроры, 1-ші сыныпты
зангер.

Байзақ ауданы прокуратурасымен «Байзақ аудандық аумақтық сот актілерін орындау бойынша бөліміне» алимент өндіру бойынша атқару өндірістеріне тексеру жүргізілді.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3 бабына сәйкес атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізудің уақтылы және айқын болуы атқарушылық іс жүргізудің негізгі принциптері болып саналады.

Тексеру барысында, бүгінгі күні аталған аумақтық сот орындаушылар бөлімшесінің өндірісінде 966 балаға қатысты 530 атқару өндірісі бар екені, борышкерлердің қарызы 12 393 198 теңгені құрап отырғаны анықталды.

Анықталған деректер сот орындаушысының әрекетсіздігі жоғарыда аталған принциптердің бұзылуына және жасы көмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылғандығын көрсетеді.

Заң талаптарына қарамастан сот орындаушысы тарапынан қандай да бір атқарушылық іс-шаралар жүргізілмеген яғни, атқару өндірісі мүлдем қозғалыссыз қалған.

Заңның 2-бабына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу міндеттері азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдары мен қаулыларының, сондай-ақ өзге де органдар қаулыларының негізінде осы Заңға сәйкес берілетін атқарушылық құжаттарды міндетті түрде және уақтылы орындау болып табылады.

Заңның 99 бабының 1 бөлігіне сай алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда сот орындаушысы осы Заңның 32-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қолданады және осы Заңның 61-бабына сәйкес, өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлкті қоспағанда, борышкердің мүлкінен өндіріп алуы тиіс.

Алайда, тексеру барысында борышкер Б.Сапаровтан өндіріп алушы Н.Иджанованың пайдасына алимент өндіру туралы 16.03.2015 жылы қозғалған №1727-15-31 санды атқару құжаты бойынша аталған Заңның 35 бабында көрсетілген мәліметтер сұратылмаған, борышкердің жылжитын және жылжымайтын мүліктерін анықтау мақсатында тиісті органдарға сұраныс хаттар жолданбаған, БААТЖ бағдарламасы арқылы борышкер жөнінде мәліметтер алынбаған. Яғни, сот орындаушысы тарапынан өндіруге бағытталған іс-шаралар жүргізілмегені анықталды. Оған қоса, тексеру барысында мемлекеттік сот орындаушылармен борышкерлердің жұмыс орындарына жалақысынан ұстау үшін қаулы жолданып, оның орындалғандығы немесе орындалмағандығы туралы құжаттар алынбай, назардан тыс қалғандығы анықталды. Атап айтқанда, аға сот орындаушысы Н.Құрманбаевтың 20 тамыз 2015 жылғы қаулысымен қозғалған №1-015-2238 санды борышкер Н.А.Алимбаевтан өндіріп алушы М.Д.Дүйсенбаеваның пайдасына 1/2 бөлігінде алимент өндіру туралы қозғалған атқару өндірісіне сәйкес, мемлекеттік сот орындаушысы Р.Исаковпен борышкердің жұмыс орнын анықтау нәтижесі бойынша (20.08.2015 жылы) борышкердің жалақысынан өндіру туралы қаулысы шығарылып, орындау үшін Жамбыл облысы әкімдігінің білім бөлімі ересектер мен балаларға арналған арнайы мектебі КММ-сі бас есепшісіне 20.08.2015 жылы жолданған.

Аталған қаулының орындалғандығы жөнінде атқару құжаттарында мәліметтер тіркелмеген, яғни, қаулы нақты орындалып отырғандығы немесе орындалмағаны белгісіз.

Көрсетілген мән-жайлар, сот орындаушыларының әрекетсіздігі, жасы толмағандардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғып, алимент өндірушілердің көп жағдайда прокуратура органдарына шағымдануына негіз беруде.

Аталған заң бұзушылық деректері, бөлім басшысы Р.Исаковтың тарапынан ведомстволық бақылаудың жоқтығынан, өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармай, салақтық және немқұрайлық танытқандығынан, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі туралы» Заңын дұрыс қолданбау салдарынан, біліктілігін арттыру бағытында жұмыс істемейтіндігінен орын алған.

Байзақ аудандық прокуратурасымен өз қызметіне немқұрайлы қарап, заң бұзушылықтарға жол берген Бөлім басшысы аға мемлекеттік сот орындаушысы Р.Б.Исаковты ведомстволық бақылауды тиісті дәрежеде жүргізбегені үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізіліп, нәтижесінде Байзақ аудандық аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы Р.Исаков 01.04.2016 жылғы №107 санды бұйрыққа сәйкес, «қызметіне сәйкестігі толық еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

“ТАБИҒАТТЫ ЖЫРЛАҒАН ТАМЫЛЖЫТЫП”

АҚЫН-ЖУРНАЛИСТ АСЫЛХАН РАХМАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

А.Қайыпназарқызы,
«Ауыл жаңалығы».

Талайғы тарихында өнер саңлақтарымен ерекшеленген Байзақ өңірінде соңғы екі-үш жылда жақсы дәстүр қолға алынып келеді. «Өлі разы болмай, тірі байымас» демекші, өмірден өткен, артына мол мұра қалдырған ақын-жазушыларды еске алып, шығармашылығын жастарға үлгі ету мақсатында осымен үшінші рет көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өткерілді.

Қазақстан Жазушылар, Журналистер Одақтарының мүшесі, ауданның Құрметті азаматы, ақын-журналист Қайыпназар Шотбасов және қазақтың айтулы ақыны Жақсылық Сәтбеков атындағы өнер додалары жоғары деңгейде ұйымдастырылса, апта басында Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы” газеті редакциясының және аудан әкімдігі білім бөлімі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйытқы болуымен өткізілген қарымды қаламгер, ақын Асылхан Рахманов оқулары да өлеңқұмар көпшіліктің көңілінен шықты.



«Бала кез», «Қарлығаштар ұшып кетті қайтадан», «Сағынып, самғап белге ассам» т.б. шығармаларын нақышына келтіріп орындағанда отырғандар дән риза болысты. Өрине, арасында сахнада қобалжып, өлең жолдарын ұмытып, сүрінгендер де болды.

Өлең додасы, өнер додасы - әнмен әдіптеліп тұрды. Мәдениет қайраткері Әлмахан Исабаев, К.Әзірбаев атындағы саз мектебінің оқушылары өнер көрсетіп, дүйім жұртты бір серпілтіп тастады.

Екі сағаттан аса уақытқа созылған байқаудың нәтижесі мынадай болды: А.Рахманов атындағы аудандық тұңғыш көркемсөз оқу шеберлері байқауының бас жүлдесін Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінің оқушысы Ақшолпан Сүндетова иемденді. I орын иегері Сарыкемер орта мектебінен Игілік Нұрсұлтан атанды. Қос екінші орынды Түймекенттен келген Айсулу Қалабаева, дихандық Нұрайым Бекәділова өзара бөлісті. III орын Н.Киікбаев атындағы орта мектебін бастап келген Диана Әлімбаева, Абай орта мектебінен Нұрланқызы Самал және сарыбарактық Дана Есбергенге бұйырды. Поэзияға



Осы ретте, игі шараларды іске асырып, ақын ағаларын ардақтауды өз міндеті санаған ауданымыздың белгілі ақын-сазгері Қасқырбай Нарбатырды қалай мақтасақ та жетіп жатыр. Қалай дегенде де К.Дәрібайұлы өленді, өнерді құрмет тұтқан азамат, сондықтанда өлең өлкесінде қайталанбас қолтаңба қалдырған өнерлілерді дәріптеу өз борышым деп біледі.

Қош, сонымен: Көктем, көктем жер беті кілем көгі, Қырдың қыздай қыл-қызыл рендері. Кең далаға қайтадан асыр салып, Ауыздықтап асау тай мінер ме еді! – деп көктемді, табиғатты жырлаған ақын А.Рахманов атындағы байқау Сарыкемер орта мектебінде ұйымдастырылды. Оны ақын-сазгер Қ.Нарбатыр жүргізіп, ең алдымен өзінің арнау өлеңін оқыды.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев А.Рахмановтың өмір жолын, шығармашылығын сөз етіп, қазақ әдебиетіне салған сүрлеуі, көп жылдар бойы тапжылмай қызмет атқарған аудан айнасы – «Ауыл жаңалығы» газетінің өркендеуіне қосқан үлесі туралы айтты. Ақынның зайыбы Миралиева Айкенте құрмет көрсетіп, иығына зерлі комзол жапты, гүл шоқтарын табыстады. Ал, аудандық ардагерлер кеңесін ұзақ уақыт басқарған, өңірміздің Құрметті азаматы Р.Шәметов балаларға сәтті сапар тілеп, өзінің ақ батасын берді, шашу шашылды.

Бұл күні байқауға аудан орталығындағы мектептерден барлығы 42 оқушы қатысты. Ережеге сай ұл-қыздар ақынның 15 өлеңін жатқа білуі тиіс болса, берілген билеттер арқылы 2 өлеңді мәнерімен орындаулары керек. Бірінен соң бірі сахнаға көтерілген жас өрендер ақын-журналист А.Рахмановтың «Көктем», «Ауылға сапар», «Бір түп емен»,

ынтасы үшін номинацияларымен Пушкин, Сарыкемер, Ю.Гагарин, Ы.Алтынсарин орта мектептерінің оқушылары С.Куземабаева, Г.Шералиева, Ж.Бозғылбаева, Ж.Абенова марапатталса, аудандық «Ауыл жаңалығы» газетінің арнайы сыйлығымен Сарыкемер орта мектебінен Ұ.Нұржаубаева, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сияпатымен Чапаев орта мектебінің оқушысы А.Қиялбек мадақталды. Жүлдегерлер және олардың ұстаздарына бағалы сыйлықтар мен Дипломдар үлестірілді. Оларды іс-шараға құрметті қомақ ретінде шақырылған Байзақ ауданының Құрметті азаматтары Р.Шәметов, Ж.Қожамқұлова, облысымызға белгілі журналист-жазушы Т.Толқынбаев, аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері Қ.Маутаева, аудандық «Ауыл жаңалығы» газетінің директор-бас редакторы С.Қалмұратов, әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әдіскері М.Көбеева, А.Рахмановтың зайыбы Айкен Миралиева және ақынның ұлы Қайрат Рахманұлы табыстады.

Осы жерде іс-шараға демеушілік жасаған А.Рахмановтың ұрпақтары екенін айта кету керек. Сонымен қатар, ауданымыздың түлегі, әдебиет жанашыры, үнемі үлгілі істің басында жүретін Д.Әміров те өз қолдауын білдірді. Досжан Сарманқұлұлы мәдени шараның мәнді өтуіне ықпал жасаған М.Наметқұлов бастаған Сарыкемер орта мектебінің ұжымына соңғы үлгідегі фотоаппаратты алып берді. Білікті басшы Мұхит Жанұзақұлы мен ақын-сазгер Қасқырбай Нарбатырға өз ілтипаттарын Рахмановтар әулеті де көрсетті.

Сонында осы мектептің асханасында марқұм А.Рахмановтың рухына құран бағышталып, ас таратылды.

Онда мерейлі шарамен құттықтай келген ақын туып-өскен өлке Жанасаз ауылының азаматтары, жалпы көзін көргендер өткен күннен естеліктер айтты.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ Ш.УАЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ БОС ТҰРҒАН ДИРЕКТОРЫ ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі
117 үй, анықтама үшін телефон: 7-90-51,
факс: 2-18-67.

Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің
Ш. Уалиханов атындағы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бос тұрған директоры лауазымына (1
бірік) конкурс жариялайды.

Мекемесінің атауы: Байзақ ауданы
әкімдігі білім бөлімінің Ш. Уалиханов
атындағы орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері: Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы, Мәдімар ауылы, Наржанов
көшесі - 1. Поншталық индекс: 080 119.
Телефон 8(726 37) 5-24-62.

Электрондық почтасы: Madimar_uali-
hanov@mail.ru

Мекеме қызметінің негізгі бағыты:

Білім беру ұйымының қызметін оның
жарғысына және басқа да нормативтік
құқықтық актілерге сәйкес басқарады.
Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру
стандартын педагогикалық және әдістемелік
кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды
ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын,
бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын
бекітеді. Бекітілген уәкәлеті балаларды
жалпыға міндетті оқытуды қамтамасыз ету
занына сәйкес жалпыға міндетті оқытуды
қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесін
ғылыми-әдістемелік және материалдық-
техникалық базасын ұйымдастырады және
жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік
қамтамасыз етуді ұйымдастырады және
жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық
технологиялардың дамуын қамтамасыз
етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік
бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне
ықпал етеді. Білім беру құқығы лицензиясына
сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер
контингентін қалыптастырады, оқушылар
мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды

қамтамасыз етеді. Жетім және ата-анасының
қамқорлығынсыз қалған балалардың
арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды
құқығы мен мүдделерін (жеке, мүлктік,
баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды,
олардың туысқандық байланысын қолдай
отырып, оларға жағдай жасайды.

Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды
асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден
кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді. Оқу-
тәрбие процесі кезінде білім алушылардың
(тәрбиеленушілердің) және білім беру
ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі
мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай
жасайды. Оқушыларды қорғау және олардың
денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану
және медициналық қызмет көрсету жұмысын
ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді.
Белгіленген заңнама шеңберінде білім беру
ұйымының мүлкі мен құралдарына басыпшылық
етеді, жыл сайын құрылтайшылардың
қаржылық және материалдық қаражаттың
түсуі және жұмсалыуы туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп
жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын
және толықтырылуын қамтамасыз етеді,
ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-
гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және
техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап
береді.

Педагог кадрларды және қосымша
қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа
тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын,
қызметкерлердің штаттық кестесін,
лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың
кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай
жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады.

Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді
аттестаттауды жүргізеді. Қызмет барысында
айрықша көзге түскен оқытушылар мен
білім беру ұйымдарының қызметкерлерін
өзінің қызметіне қарай марапаттауға және
көтермелеуге ұсынады және өз қызметін
аясында жаза белгілейді.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе
оларды алмастырушылармен) байланысты

жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да
ұйымдарда білім беру ұйымын танытады,
қажетті есеп құжаттарын дайындауды және
ұсынулы қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын
талаптар:

1) жоғарғы және жоғарғы білімнен кейінгі
білімнің болуы (педагогикалық немесе бейні
бойынша);

2) педагогикалық жұмыс өтілінің бес жылдан
кем болмауы немесе білім беру ұйымының
бейніне сәйкес білім беру ұйымдарында
немесе ұйымдарда басқарушылық қызметте
жұмыс өтілінің бір жылдан кем болмауы;

3) бірінші немесе жоғарғы біліктілік
санатының болуы;

4) үш жылдан кем емес педагогикалық
салада әкімшілік жұмыс тәжірибесінің болуы
немесе білім беру ұйымының бейніне сәйкес
білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда
басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес
жылдан кем болмауы;

5) облыстық білім басқармасының
кандидатура бойынша келісімінің болуы;

6) сотталмаған болуы тиіс.

Лауазымдық жалақысы		
Санаты	Лауазымдық жалақысы, қызмет атқарған жылдарына байланысты	
	Мын теңгеден	Мын теңгеге дейін
А-1-3	113394	137484

Кәсіби біліктілігі:

Қазақстан Республикасының
Конституциясын, Қазақстан Республикасының
«Білім туралы», «Қазақстан Республикасының
«Тілдер туралы», «Бала құқығы туралы»,
Қазақстан Республикасының «Сыбайлас
жеморлыққа қарсы күрес туралы»,
Қазақстан Республикасының «Нормативтік
құқықтық актілер туралы», «Еңбек кодексі»,
«Неке және отбасы туралы», «Қазақстан
Республикасында мүгедектігі бойынша,

асыраушысынан айырылу жағдайы
бойынша және жасына байланысты
берілетін мемлекеттік әлеуметтік
жәрдемдер туралы», «Кемтар
балаларды әлеуметтік және медициналық-
педагогикалық түзеу арқылы қолдау
туралы», «Көмектес толмағандардың
арасындағы құқық бұзушылықтар мен
балалардың қалағаласуы және панасыз
қалуының алдын алу туралы» Заңдарын
және басқа да білім беруді дамытудың
бағыттары мен келешегін айқындайтын
нормативтік құқықтық актілерді; педагогика
мен психология негіздерін; мемлекеттік
жалпыға міндетті білім беру стандартын;
педагогика, педагогикалық психологияны,
педагогикалық ғылым мен практиканың
жетістіктерін; менеджмент негіздерін, қаржы-
шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды;
еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі
және өртке қарсы қорғандық ережелері
мен нормаларын; Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 29
желтоқсандағы №179 бұйрығымен бекітілген
Жалпы білім беретін және интернаттық
ұйымдардың құрылымына, күтіп-ұстауға
және оқыту жағдайларына қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар
санитариялық ережесін және басқа да білім
беруді дамытудың бағыттары мен келешегін
айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді
білуі тексеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар
осы хабарландыру бұқаралық ақпарат
құралдарының ресми басылымында («Ауыл
жаңалығы» - «Сельская новь») жарияланған
сәттен бастап 15 жұмыс күннен кешіктірмей
Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев көшесі, №117
үйде орналасқан аудан әкімдігінің білім
бөліміне өткізілуі тиіс.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар
хабарландыруда көрсетілген құжаттарды
қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол
немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды
ұсынады.

1) конкурстық комиссия төрағасы атына

тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын
жерін, байланыс телефондарын көрсетумен
қоса өтініш;

нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны
куәландыратын құжат көшірмесі;

2) нотариалды куәландырылған білім
туралы құжат көшірмесі;

3) нотариалды куәландырылған еңбек
кітапшасының көшірмесі;

4) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі
куәландыратын фотомен кадрды есепке алу
жөніндегі жеке іс парақ;

5) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете
отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік
міндетіне;

6) нотариалды куәландырылған бар
біліктілік санат немесе ғылыми дәрежесі
туралы құжат көшірмесі;

7) медициналық куәландырудан өтуі туралы
құжат;

8) сотты болмағандығы туралы анықтама
ұсынуы қажет.

Аталған құжаттардың бірінің болмауы
кандидатты конкурсқа қатыстырмауға негіз
болуы мүмкін.

Конкурсқа қатысуға кандидат комиссия
қарауына өзінің кәсіби жетістіктері,
біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер,
өзінің педагогикалық тәжірибесін
қорытындылау, наградлары туралы қандайда
болмасын деректі расталған ақпаратты
ұсынуға құқылы.

Конкурстың өтетін күні: 2016 жыл 1
маусым.

Конкурстың өтетін орыны: Байзақ
ауданы, Сарыкемер ауылы, Д. Қонаев көшесі
№117 үй, аудан әкімдігінің білім бөлімі.

Электрондық пошта: baizak_raiono@mail.ru

Конкурсқа жеріберілген үміткерлер
конкурстық ереже талаптарына сай
әңгімелесуден өтеді.

Осы бос лауазымдық орынға орналасқан
тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді,
тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер
берілмейді.

